

МАТЕМАТИКА



4
бөлім

2
сынып

АЛМАТЫКІТАП

Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
согласно Приказа Министерства образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

+CD

Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, М.Ж. Мыңжасарова

МАТЕМАТИКА

Жалпы білім беретін мектептің
2-сынып оқушыларына арналған оқулық













4-бөлім

*Қазақстан Республикасының Білім және
ғылым министрлігі ұсынған*

Алматыкітап баспасы
2019

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 22.1я 72
А 37

Шартты белгілер

-  – сабақтың мақсаты
-  – талқыла, өз пікіріңді айт
-  – есінде сақта
-  – дәптермен жұмыс
-  – есепті әртүрлі тәсілмен шығар
-  – тиімді тәсілмен есепте
-  – кім жылдам?
-  – бос орынға сан, таңба қой
- * – салыстыр, « $>$, $<$, $=$, \neq » белгілерін қой
-  – зертте
-  – топтық жұмыс
-  – жұптық жұмыс
-  – практикалық жұмыс

Ақпаева Ә.Б. және т.б.

А 37 Математика. 4-бөлім: Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық./Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, М.Ж. Мыңжасарова – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019. – 72 бет, суретті.

ISBN 978-601-01-4011-0
4-бөлім. – 72 б., сур.:
ISBN 978-601-01-4015-8

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 22.1я 72

ISBN 978-601-01-4015-8 (4-бөлім)
ISBN 978-601-01-4011-0 (жалпы)

© Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А.,
Мыңжасарова М.Ж., мәтінi, 2017
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2017

ҚҰРМЕТТІ ДОС!

Сенің қолыңдағы бұл оқулық «Математика» пәнінің соңғы – төртінші бөлімі. Төртінші тоқсанда есептеудің тиімді тәсілдерін, жақшалы және жақшасыз өрнектердің мәнін табуды үйренесің. Ақыл-ойды, тапқырлықты дамытуға көмектесетін қызықты тапсырмаларды да осы оқулықтан табасың. Есептер, өрнектер шығаруды білетін боласың. Теңдеу шешуді үйреніп, сыныптастарыңмен дұрыс, жылдам есептеу бойынша жарысқа түсе аласың. Геометриялық фигуралардың қасиеттерімен танысып, оларды дұрыс сызуды үйренесің.

Біз, оқулық авторлары, білім жолында табысқа жетуіңе тілектеспіз. Математиканы жақсы оқып, алған біліміңді күнделікті өмірде қолдануыңды қалаймыз.



Қоршаған орта





Мен жылдам есептеу үшін қосу және көбейтудің қасиеттерін қолдануды үйренемін.

$$a + b = b + a$$

$$(a + b) + c = a + (b + c)$$

$$a \cdot b = b \cdot a$$

$$(a \cdot b) \cdot c = a \cdot (b \cdot c)$$



Мен өрнектердегі амалдардың орындалу реті туралы ережені білетін боламын.




Мен өрнектердің мәнін табуды,
 әріпті, санды өрнектерді
 салыстыруды үйренемін.

$$20 \cdot d + a * 20 : d + a$$

$$d \cdot a + 6 * d \cdot a - 6$$

$$12 : 6 + a * 12 \cdot (6 + a)$$



Мен жақшалы
 және жақшасыз
 өрнектердің
 мәнін табуды
 үйренемін.



Тиімді есептеу

Табиғатты қорғаймыз



Мен жылдам есептеу үшін қосу және көбейтудің қасиеттерін қолдануды үйренемін.



1. Сырым мен Әлия Қазақстанның көрікті жерлерін аралап қайтты. Есептеуді тиімді тәсілмен орында. Өрнектердің мәнін өсу ретімен ата. Сонда балалардың бұл орындарда қандай ретпен болғанын анықтайсың.



Іле Алатауы

$$4 + 4 + 4 + 4 + 4$$



Іле өзені

$$11 + 3 + 7 + 9$$



Көлсай

$$31 + 19 + 14 + 36$$



«Алтынемел» ұлттық табиғи саябағы

$$25 + 20 + 5$$



Алакөл

$$20 + 5 + 15 + 20$$




«Қатонқарағай» ұлттық табиғи саябағы

$$21 + 24 + 9 + 16$$



Бұқтырма өзені

$$18 + 23 + 22 + 17$$



«Баянауыл» ұлттық табиғи саябағы

$$10 + 10 + 10 + 10$$



Бурабай

$$52 + 17 + 18 + 3$$



2. Салыстыр.

$6 \cdot 4 * 7 \cdot 4$

$24 : 4 * (24 - 4) : 5$

$32 : 4 + 5 * 2 \cdot 4 + 16$

$4 \cdot 9 * 9 \cdot 4$

$16 : 4 \cdot 2 * 18 : 2$

$45 - 12 : 4 * 12 : 3 + 9$



3. Есептерді шығар. Кері есептер құрастырып, оларды шығар.

а) Саябақты көгалдандыру үшін әрқайсысына 9-дан 3 қатар қайың көшеті отырғызылды. Барлығы неше көшет отырғызылды?



ә) Саябақты көгалдандыру үшін әртүрлі ағаш көшеті отырғызылды. Берілген мәліметтер бойынша есептер құрастырып, оларды шығар.



Қайың

9 көшет



Емен

6 көшет



Терек

8 көшет



Шырша

7 көшет



4. Есептерге өрнектер жаз. Оларды шығар.

а) Шағын зауытта 45 кг тыңайтқыш 9 қапшыққа салынды. Әр қапшыққа неше килограмм тыңайтқыштан салынды?

ә) Саябақты көгалдандыру үшін әрқайсысында 9-дан 4 қатар қайың және әрқайсысында 8-ден 3 қатар үйеңкі көшеті отырғызылды. Барлығы неше көшет отырғызылды?

б) Сенбілікке 8 ересек адам шықты, ал балалардың саны олардан 3 есе артық. Сенбілікке барлығы неше адам шықты?



5. Баған түрінде есепте.

$45 + 29$

$59 + 27$

$100 - 45$

$62 - 29$

Өрнектердегі амалдардың орындалу реті

Су – біздің басты байлығымыз



Мен өрнектердегі амалдардың орындалу реті туралы ережені білетін боламын.

1. Барлық суреттерге не ортақ? Олардың әрқайсысына берілген мысалдарды шығар және жауаптарын салыстыр. Қайсысын артық деп айтуға болады?



$$16 : 8$$



$$12 : 6$$



$$18 : 9$$



$$14 : 7$$



$$15 : 5$$

2. Өрнектерді оқы. Жаднаманы пайдалана отырып, амалдардың орындалу ретін анықта және өрнектердің мәнін тап.

() бар ма?

ЖОҚ

ИӘ

және .

1. Алдымен немесе ретімен.

2. Содан кейін

немесе ретімен.

$$\begin{array}{r} 2 \quad 1 \\ 37 + 12 : 6 \\ 1 \quad 3 \quad 2 \\ 5 \cdot 2 + 4 : 2 \end{array}$$

Тек және .

Амалдар сол жақтан оңға қарай орындалады.

$$\begin{array}{r} 1 \quad 2 \\ 27 + 6 - 3 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 1 \quad 2 \\ 54 - 14 + 7 \end{array}$$

Тек және .

Амалдар сол жақтан оңға қарай орындалады.

$$\begin{array}{r} 1 \quad 2 \\ 12 : 6 \cdot 3 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 1 \quad 2 \\ 3 \cdot 4 : 2 \end{array}$$

1. Алдымен жақша ішіндегі амалдар орындалады.
2. Содан кейін немесе ретімен.

3. Содан кейін немесе .

$$\begin{array}{r} 1 \quad 2 \quad 3 \\ (5 + 10) : 3 + 5 \end{array}$$

$$50 \overset{3}{+} (98 \overset{1}{-} 90) \overset{2}{\cdot} 2$$



3. Өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықта. Оларды оқып, мәнін тап.

$$9 + 12 : 2$$

$$50 - 9 \cdot 2$$

$$(6 + 6) : 2$$

$$(78 - 75) \cdot 2$$

$$2 \cdot (38 - 32)$$

$$25 + 7 \cdot 2$$

$$8 \cdot 5 + 27 : 3$$

$$(7 - 4) \cdot 8 + 50$$

$$100 - (18 - 9) \cdot 4$$

4. Есептер бойынша өрнек құрастыр. Оларды шығар.


а) Кішкентай бөтелкедегі су 35 теңге, ал үлкен бөтелкедегі су 65 теңге тұрады. Ал бір қорап шырынның бағасы үлкен және кішкентай бөтелкедегі судың бағасын бірге алғандағыдан 100 теңгеге қымбат. Бір қорап шырын неше теңге тұрады?

ә) Дүкенде 55 кішкентай бөтелкедегі және одан 20-сы кем үлкен бөтелкедегі су сатылды. Барлығы неше бөтелке су сатылды?

б) Нұрланның 500 теңгесі болды. Ол кішкентай бөтелкедегі суды 35 теңгеге және үлкен бөтелкедегі суды 65 теңгеге сатып алды. Нұрланға неше теңге қайтарылды?



5. Суретте Әлияның үйі, Сырымның үйі және мұзайдын арасындағы қашықтық көрсетілген.



Амалдарды орындай отырып, нені білесің?

$$40 - 15$$

$$15 + 30$$

$$15 + 15$$

$$15 + 30 + 40$$

$$30 - 15$$

Су – біздің басты байлығымыз



Мен өрнектердегі амалдардың орындалу реті туралы ережені қолдануды үйренемін.

1. Өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықта. Өрнектердің мәнін тапсаң, Қазақстандағы ең ірі суқоймалардың тереңдігін білесің. Әр суретте қандай суқойма бейнеленгенін анықта.

Суқойма	Орналасқан жері	Тереңдігі (м)
Бұқтырма	Ертіс өзені. ШҚО	$100 - 2 \cdot 9 + 2$
Қапшағай	Іле өзені. Алматы облысы	$9 \cdot 2 + 20 + 10 : 2$
Шардара	Сырдария өзені. ОҚО	$90 - (3 \cdot 2 + 58)$



2. Есептерді салыстыр.

а) Бөшкеде 40 литр су бар, ал флягадағы судың одан 15 литрі кем. Флягада неше литр су бар?

ә) Бөшкеде 40 литр су бар, бұл флягадағы суға қарағанда 15 литр артық. Флягада неше литр су бар?



3. Есептерге өрнек жазып, оларды шығар.

а) 7 кабинеттің әрқайсысына 2 бөтелкеден ауызсу әкелінді. Барлығы неше бөтелке ауызсу әкелінді?

ә) Су таситын мәшине гүлдерді суғару үшін 9 литрлік 2 бидонға және 30 литрлік бөшкеге су құйды. Гүлдерді суғару үшін барлығы неше литр су құйып алынды?

б) Бөшкеде 20 литр су бар. Сырым мектеп жанындағы 2 көшетке су құйды. Бір көшетті суғаруға 9 литр су кетті. Бөшкеде неше литр су қалды?



4. Есептерді шығар.

а) Бірінші бидонда 3 литр, ал екіншісінде одан 4 есе артық су бар. Екінші бидонда неше литр су бар?

ә) Есеп екі амалмен шығатындай, сұрағын өзгерт. Осыған ұқсас бір-екі есеп құрастыр.



5. Өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықта. Оларды оқы. Өрнектердің мәнін есепте.

$$70 + 12 : 2$$

$$40 - 7 \cdot 2$$

$$(32 - 25) \cdot 2$$

$$4 \cdot (18 - 12)$$

$$(12 + 6) : 2$$

$$25 + 5 \cdot 2$$

6. Баған түрінде есептеп, дұрыстығын тексер.

$$90 - 48$$

$$100 - 31$$

$$35 + 47$$

$$52 + 18$$

$$82 - 56$$

$$73 - 47$$

Қоршаған ортаны қорғау



Мен жақшалы және жақшасыз өрнектердің мәнін табуды үйренемін.



1. Өрнектердің мәнін тауып, сәйкес суретті анықта.

Электр құралдарын пайдаланбайтын уақытта өшіріп қой.

$$5 \cdot 9 - 7 \cdot 3$$




Қоқыстарды сұрыптап сал, өңдеу кезінде жеңіл болады.

$$25 - 15 : 5$$



Суды үнемді пайдалан.

$$15 + 20 : 5$$



Электр энергиясын үнемдейтін шамдарды пайдалан.

$$(16 + 14) : 6$$



Полиэтилен пакеттерден бас тартып, матадан тігілген сөмкені пайдалан.

$$32 - 12 : 2$$



Көшеттер отырғыз.

$$16 : (4 \cdot 2)$$





2. Есептемей салыстыр. Досыңа бірінші бағанның шешуін түсіндір, ал ол саған екінші бағанның шешуін түсіндірсін.

$$9 \cdot 4 * 9 + 9 + 9$$

$$3 + 3 + 3 + 3 + 3 + 3 + 3 + 3 * 3 \cdot 8$$

$$29 \cdot 2 * 30 + 30$$

$$10 + 10 + 10 + 4 * 10 \cdot 4$$

$$8 + 8 * 8 \cdot 8$$

$$17 + 17 + 17 * 18 \cdot 3$$



3. Есептерді шығар. Кері есептер құрастырып, оларды шығар.

а) Бір ұяда 3 балапан, ал екіншісінде одан 2 есе артық балапан бар. Екінші ұяда неше балапан бар?

ә) Балалар қаңтар айында 3 жемшашар, ал ақпан айында одан 5 жемшашар артық орнатты. Балалар барлығы неше жемшашар орнатты?

б) Оқушылар құстарға 5 кг жөке дөнін, ал оған қарағанда 2 есе артық шетен дөнін дайындады. Оқушылар барлығы неше килограмм дән дайындады?

4. Баған түрінде есептеп, дұрыстығын тексер.

$$29 + 18$$

$$61 - 38$$

$$53 - 19$$

$$65 + 35$$

$$39 + 46$$

$$100 - 35$$

$$81 - 68$$

$$47 + 19$$

$$77 + 23$$





$$72 - 59$$

$$90 - 59$$

$$77 + 9$$



5. Сұлба бойынша өрнектер құрастырып, олардың мәнін тап. Бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? Оларды әртүрлі оқы.




Ауаны ластанудан қорғау



Мен жақшалы және жақшасыз өрнектердің мәнін табуды үйренемін.



1. Ауаның ластану көздерін ата. Өрнектерді мәнімен сәйкестендір. Өсу ретімен айт.



- Көліктер
- Тұрмыстық қалдықтар
- Табиғи ластану
- Өндірістік ластану



2. Карточкалардағы өрнектерді пайдаланып, тура және тура емес теңдіктер құрастыр.

$17 + 15$

$30 - 12$

$6 \cdot 3$

$36 + 34$

$9 \cdot 4$

$2 \cdot 9$

$70 - 34$

$8 \cdot 4$

3. Есептерді шығар. Кері есептер құрастырып, оларды шығар.

а) Автокөлік бір жұмыс күнінде ауаға шамамен 9 кг пайдаланылған газды шығарады. 4 автокөлік бір күнде ауаға неше килограмм пайдаланылған газды шығаруы мүмкін?

ә) Жапырақтарды өртегенде 1 минутта 3 кг зиянды зат бөлінеді. Ол 9 минутта неше килограмм зиянды зат бөледі?



4. Салыстыр.

$5 \cdot 4 - 18 * 6 \cdot 4 - 15$

$15 : 5 * 24 : 8$

$45 + 45 * 45 + 54$

$54 + 4 * 54 - 5$

$3 \cdot 5 + 67 * 90 - 6 \cdot 2$

$50 - (35 - 15) * 4 \cdot 5 + 10$

$100 - 20 * 100 - 30$

$100 - 8 \cdot 3 * 20 + 14 : 7$

5. Карточкалардағы өрнектерді пайдаланып, теңдік және теңсіздіктер құрастыр.

$6 \cdot 3$

$8 \cdot 4$

$9 \cdot 4$

$2 \cdot 9$

$10 : 5$

$12 : 4$

$9 : 3$

$8 : 4$



6. Егер оқушы өрнектердің мәнін амалдардың орындалу реті бойынша есептеген болса, онда ол қандай өрнек болғаны? Сол өрнекті жаз.

а) _____ ?

1) $18 : 2 = 9$

2) $14 + 9 = 23$

ә) _____ ?

1) $5 + 7 = \square$

2) $12 : 4 = \square$

б) _____ ?

1) $15 + 3 = \square$

2) $18 : 2 = \square$

Қазақстан қорықтары



Мен жақшалы және жақшасыз өрнектердің мәнін табуды үйренемін.



1. Әлия мен Сырым Қазақстан қорықтары туралы кітапты оқыды.



а) Қорықшы тікұшақпен қорықты айналып ұшып жүргенде 3 құланды және одан 3 есе артық төлдерін көрді. Құландарға қарағанда төлдерінің нешеуі артық?

ә) Көлде 18 аққу жүзіп жүр, ал қарақу олардан 3 есе кем. Көлде барлығы неше аққу және қарақу жүзіп жүр?



б) Орман шетіне 12 марал және олардан 2 есе кем төлдері шықты. Орман шетіне барлығы неше марал шықты?

в) Көлдің жағасында 36 көкқұтан және олардан 9 есе кем аққұтан тұр. Көлдің жағасында барлығы неше құс тұр?



2. Амалдардың орындалу ретін анықтап, мысалдарды есепте.

$$27 : 3 + (19 + 6)$$

$$(82 - 74) : 2 \cdot 7$$

$$(91 - 83) \cdot 3 : 4$$

$$(8 + 27) : 5 - 7$$

$$(27 - 19) \cdot 4 + 18 : 3$$

$$6 \cdot 4 + 25$$

$$60 - (13 + 22) : 5$$

$$19 + (63 - 27) : 4$$

$$(27 + 13) : 8 + 8 \cdot 5$$

3. Салыстыр.

$$5 \cdot 3 * 9 \cdot 3$$

$$15 : 3 * 15 + 3$$

$$3 \cdot 8 * 8 \cdot 3$$

$$18 : 3 * 18 : 6$$

$$12 : 2 * 12 : 6$$

$$24 : 3 * 24 - 3$$

4. Салыстыр.

$$(a + b) \cdot 4 * (a + b) : 4$$

$$21 + 3 : 3 * (21 + 3) : 3$$

$$18 : (3 \cdot 2) + 8 * 18 : 3 \cdot 2 + 8$$



$$100 - (c + d) * 100 + (c + d)$$

$$(16 + 4) : 2 * 16 + 4 : 2$$

$$20 - 15 : 5 + 5 * (20 - 15) : 5 + 5$$



5. Өрнектер құрастырып, олардың мәнін тап.



Табиғатты қорғау – Отанды сүю



Мен өрнектердің мәнін табуды, әріпті және санды өрнектерді салыстыруды үйренемін.



1. Әлия мен Сырым математикалық ойын құрастырды. Жауапқа сәйкес суретті таңдап, оның нені білдіретінін айту керек. Ол үшін өрнектің мәнін есептеп ал.

$14 : 2$

$16 : 8$

$27 : 9$

$5 \cdot 1$

$18 : 3$

$2 \cdot 4$

$36 : 9$



2. Салыстыр.

$$65 - (d + a + c) * 65 + (d + a + c)$$

$$20 \cdot d + a * 20 : d + a$$

$$d \cdot a + 6 * d \cdot a - 6$$

$$12 : 6 + a * 12 \cdot (6 + a)$$

$$(18 + 18) : 9 * 18 + 18 : 9$$

$$(25 + 5) : 5 * 25 + 5 : 5$$

$$28 - 14 : 7 + 9 * (28 - 14) : 7 + 9$$

$$36 : (4 + 5) + 8 * 36 : 4 + 5 + 8$$



3. Есептерге өрнектер жаз. Кері есептер құрастырып, оларды шығар.

а) Оқушылар әрқайсысында 5-тен 6 қатар көшет отырғызды. Оқушылар барлығы неше көшет отырғызды?

ә) 15 кг тыңайтқыш 5 қапшыққа тең бөлініп салынды. Әр қапшыққа неше килограмм тыңайтқыш салынды?

4. Есепте.

$$4 \cdot 5 + 15 : 3$$

$$16 + 24 : 8$$

$$5 \cdot 6 - 35 : 7$$

$$(16 + 24) : 8$$

$$8 \cdot 5 + 5 \cdot 5$$

$$5 \cdot 9 - 7$$

$$7 \cdot 5 - 45 : 5$$

$$5 \cdot (9 - 7)$$

5. Өсімдік тұқымдары мен сүйегінің ұзындығын өлше. Әрқайсысынан 3 есе артық кесінділер сыз.



Мақсатыңа жеттің бе?

Мен:

- қосудың ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін, көбейтудің ауыстырымдылық қасиетін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдануды;
- екі және одан да көп арифметикалық амалдан тұратын жақшалы және жақшасыз берілген әріпті, санды өрнектерді салыстыруды;
- екі немесе үш арифметикалық амалдан тұратын жақшалы және жақшасыз өрнектердің мәнін табуды, амалдардың орындалу ретін анықтауды үйрендім.

БІЛУ

Көбейту мен бөлуге берілген өзара байланысты мысалдар төрттігін құрастыр.

$4 \cdot 3 = \square$

$5 \cdot 4 = \square$

$\square \cdot 4 = \square$

$\square \cdot \square = \square$

$\square : \square = \square$

$\square : \square = \square$

$\square : \square = \square$

$\square : \square = \square$

ТҮСІНУ

Есепте. Амалдардың орындалу ретін белгіле.

$40 : 5 + 12 : 4$

$40 - 32 : (12 - 8)$

ҚОЛДАНУ

Есепті өрнек түрінде жазып, оны шығар.

Бір орамда 16 м сым темір бар, ал екіншісінде одан 4 есе кем. Екі орамда барлығы неше метр сым темір бар?

ТАЛДАУ

Салыстыр.

$$25 + 5 : 5 * (25 + 5) : 5$$

$$45 : 5 + 9 * 45 : 9 + 5$$

$$32 : 4 - 4 * 30 - 25 : 5$$

$$c \cdot 3 * c \cdot 4$$

$$10 - (a + c) * 10 + (a + c)$$

ЖИНАҚТАУ

Есепті санды деректермен толықтырып, оны шығар.

Бумада 5 көк шар бар, ал қызыл шар одан есе артық. Бумада барлығы неше шар бар?

БАҒАЛАУ

Қатесін түзет.

$$35 : 5 = 7$$

$$36 : 4 + 5 = 4$$

$$24 : 4 = 7$$

$$36 : (4 + 5) = 4$$

$$6 \cdot 5 = 35$$

$$5 \cdot 3 + 5 \cdot 4 = 30$$

САЯХАТ

Мен фигуралардың периметрін есептеуді үйренемін.

ҰЗЫНДЫҒЫ

ені a a a b c

$P = a + b + a + b$ $P = a + a + a + a$ $P = a + b + c$
 $P = (a + b) \cdot 2$ $P = a \cdot 4$
 $P = a \cdot 2 + b \cdot 2$

Мен фигураларды торкөз параққа сызып үйренемін.

Мен заттар мен фигуралардың орналасуын анықтап үйренемін.

	1	2	3	4	5
А					
Ә					
Б					
В					
Г					



Мен екі амалдан тұратын есептерге талдау жасауды, оларды шығаруды үйренемін.


a қабырғасы	b қабырғасы	Периметрі
6 см	2 см	? см
6 см	? см	16 см
? см	<input type="text"/> см	16 см

Мен тіктөртбұрыштың (шаршының) қабырғасы мен периметрін табуға берілген есептерді талдауды және шығаруды үйренемін.

5	1	6	5	1	6
3	4	7	3	4	7
		<input type="text"/>	8	5	13

Сандарды келденеңінен қос.

Сандарды тігінен қос.



Мен санды басқатырғылар шешуді және логикалық есептер шығаруды үйренемін.

	1-қадам	2-қадам	3-қадам	4-қадам	5-қадам	6-қадам
5 литрлік шелек						
3 литрлік банка						
Темір ыдыс						

113

Есептер шығару

Қазақстанға саяхат



Мен есептерге талдау жүргізіп, оларды шығаруды үйренемін.



1. Өрнектердің мәнін тауып, әр баланың қандай қалада болғанын анықта.



$$21 + 14 + 29$$

$$3 \cdot 9 - 18 : 6$$

$$4 \cdot 8 + 2 \cdot 9$$

$$9 \cdot 5 - (30 + 9)$$

$$21 : 7 + 12 : 3$$

$$4 \cdot (2 \cdot 5) + 30$$



2. Шарты және сұлбасы бойынша есептер құрастыр. Берілгенге кері есептер құрастырып, оларды шығар.

Пойызбен Алматыдан Өскеменге дейінгі жолға 24 сағат, ал Астанадан Қарағандыға дейінгі жолға 4 сағат уақыт кетеді.

$$\begin{array}{l} \square - \square \\ \square - \square \end{array} \left. \vphantom{\begin{array}{l} \square - \square \\ \square - \square \end{array}} \right) ? \text{ есе артық}$$

$$\begin{array}{l} \square - \square \\ \square - \square \end{array} \left. \vphantom{\begin{array}{l} \square - \square \\ \square - \square \end{array}} \right) ? \text{ артық}$$



3. Берілген мәліметтер мен сұлбаларды пайдаланып есептер құрастыр. Оларды шығар.

Бағыты	Жолға кететін уақыт
Алматы – Талдықорған	4 сағат
Алматы – Қарағанды	16 сағат
Ақтөбе – Орал	8 сағат

$$\begin{array}{l} \square - \square \\ \square - ?, \square \text{ кем} \end{array}$$

$$\begin{array}{l} \square - \square \\ \square - \square \end{array} \left. \vphantom{\begin{array}{l} \square - \square \\ \square - \square \end{array}} \right\} ? \text{ есе артық (есе кем)}$$

$$\begin{array}{l} \square - \square \\ \square - ?, \square \text{ артық} \end{array}$$

$$\begin{array}{l} \square - \square \\ \square - ?, \square \text{ есе артық} \end{array} \left. \vphantom{\begin{array}{l} \square - \square \\ \square - ?, \square \text{ есе артық} \end{array}} \right\} ?$$

4. Есепте.

$$2 \cdot 9 + 45 : 9$$

$$5 \cdot 9 - 2 \cdot 4$$

$$14 : (2 \cdot 7)$$

$$18 : 6 : 3$$

$$12 : 6 \cdot 9$$

$$14 : 2 \cdot 7$$

$$16 : 4 \cdot 2 \cdot 2$$

$$18 : (6 : 3)$$

$$7 \cdot (25 - 21) + 12$$

$$45 + 5 : 5 - 10$$

$$8 \cdot (36 : 9) + 23$$

$$25 : 5 \cdot 9$$

5. Баған түрінде шығарып, дұрыстығын тексер.

$$59 + 14$$

$$70 - 16$$

$$90 - 25$$

$$19 + 58$$

$$36 + 49$$

$$39 + 18$$

6. Теңдеулерді шеш.

$$x \cdot 8 = 25 + 15$$

$$(43 - 39) \cdot x = 24$$

$$12 : x + 10 = 13$$

Астанаға саяхат



Мен есептерге талдау жасап, оны шығаруды үйренемін.



1. Есепті шығар. Кері есептер құрастырып, оларды шығар.

Астананы көру үшін әрқайсысында 8 баладан 3 топ және 6 мұғалім келді. Астанаға балаларға қарағанда мұғалімдер неше есе кем келді?

$$\begin{array}{l} \square - \square - \text{ден } \square \\ \square - \square \end{array} \left. \begin{array}{l} \curvearrowright \\ \curvearrowleft \end{array} \right\} \begin{array}{l} ? \text{ есе} \\ \text{кем} \end{array}$$

$$\begin{array}{l} \square - \square - \text{ден } \square \\ \square - ?, \square \text{ есе кем} \end{array} \left. \begin{array}{l} \leftarrow \\ \leftarrow \end{array} \right\}$$

2. Есептер бойынша өрнектер құрастыр.

а) Қаланы аралауға бірінші күні 3 сағат уақыт кетті. Ал екінші күні бірінші күнге қарғанда 2 есе артық уақыт кетті. Қонақтар 2 күнде барлығы неше сағат қала аралады?

ә) Балалар туыстарына сыйлау үшін 18 кәдесый сатып алды және оларды әр қапшыққа 6-дан салды. Неше қапшық қажет болды?

б) Кәдесыйлар дүкенінде 18 ашықхат және әрқайсысында 8-ден 5 магниттер жиынтығы сатылды. Барлығы неше сыйлық сатылды?

3. Есептерді шығар.

а) Астанадағы саябаққа әрқайсысында 8-ден 3 қатар қайың және әрқайсысында 4-тен 2 қатар шырша көшеттері отырғызылды. Қандай көшеттер артық және неше есе артық отырғызылды?

ә) Топсеруенге 24 қыз, ал олардан 3 есе кем ұлдар барды. Топсеруенге барлығы неше бала барды?

б) Көрме залында әрқайсысында 8-ден 4 қатар сурет ілініп тұрды. Оның 11 суреті алынды. Неше сурет қалды?



4. Сандарды қалай жылдам қосуға болады?

$$1 + 2 + 3 + 4 + 5 + 6 + 7 + 8 + 9$$

$$10 + 20 + 30 + 40 + 60 + 70 + 80 + 90$$



5. Кесте бойынша есептер құрастырып, оларды шығар.

	1-туристер тобы	2-туристер тобы	Барлығы қанша?
а)	20 адам, бұл екіншісіне қарағанда 9-ға кем	? адам	? адам
ә)	20 адам	біріншісіне қарағанда 9 адам кем	? адам
б)	9 адам	біріншісіне қарағанда 3 есе артық	? адам
в)	9 адам, бұл екіншісіне қарағанда 2 есе кем	? адам	? адам

Астанаға саяхат



Мен екі амалдан тұратын есептерге талдау жасап, оларды шығаруды үйренемін.



1. Есептерді шығар. «Неше есе артық?» сұрағын пайдаланып, өз есебінді құрастыр.





- а) Сырым Астананың 36 фотосуретін басып шығарды. Ол 7 беттің әрқайсысына 4 фотосуреттен орналастырды. Неше фотосурет қалды?
- ә) Астанадағы жаңа үйге 4 адамнан тұратын 6 отбасы және 3 адамнан тұратын 7 отбасы қоныстанды. Барлығы неше адам қоныстанды?
- б) Жарқын 12 жаста, ал Кәусардың жасы одан 2 есе кіші. Кәусар Жарқыннан неше жас кіші?
- в) Туристер Астана бейнеленген 12 ашықхат және тағы әрқайсысында 9 ашықхаттан 5 жинақ сатып алды. Туристер барлығы неше ашықхат сатып алды?





2. Сұлбалар бойынша есептер құрастыр.



3. Баған түрінде есептеп, дұрыстығын тексер.

$$48 + 29$$

$$100 - 14$$

$$18 + 65$$

$$80 - 47$$

$$44 + 16$$

$$58 + 32$$



4. Қалай тиімді және жылдам есептеуге болады?

$$45 + (22 + 15)$$




$$18 + 45 + 12 + 15$$

$$(39 + 26) + 11$$

$$19 + 37 + 11 + 13$$



5. Сұлба бойынша өрнектер құрастырып, олардың мәнін тап.



Алматыға саяхат



Мен екі амалдан тұратын есептерге талдау жасап, оларды шығаруды үйренемін.



1. Өрнектердің мәнін тап. Олардың мәніне қай әріп сәйкес келеді? Сандарды өсу реті бойынша қойсаң, Алматыдағы тау-шаңғы курортының атауын білесің.

14	80	8	53	17	30	34	1
М	Қ	Ы	А	Б	Ұ	Л	Ш

$$15 - 3 \cdot 5 + 7 \cdot 2$$

$$24 : 4 \cdot 5 + 50$$

$$7 \cdot 4 + 20 : 2 - 6 \cdot 5$$

$$47 + (12 + 6) : 3$$

$$4 \cdot 9 - 3 \cdot 2 \cdot 1$$

$$27 : (12 : 4) + 32 : 4$$

$$45 : 9 \cdot 5 + 18 : 2$$

$$24 : (2 + 6) - 14 : 7$$



2. Есептің шартын оқы. Есептеулерді орындай отырып, сен нені білесің? Сұрақтар құрастырып, есептерді шығар.

Аспалы жолмен жүретін бір кабинаға 8 адам сыяды. Серуенге 24 бала, олардан 3 есе кем ересек адамдар келді.

$24 : 3$

$24 : 8$

$24 - 24 : 3$

$24 + 24 : 3$

$(24 + 24 : 3) : 8$

3. Есептер бойынша өрнектер жаз.

а) «Медеу» мұзайдынына 9 бала келді, бұл ересек адамдарға қарағанда 3 есе артық. Мұзайдыңға неше ересек адам келді?

ә) Мұзайдыңға 9 бала, ал олардан 3 есе артық ересек адамдар келді. Мұзайдыңға барлығы неше адам келді?

б) Автобусқа 24 бала, балалардан 3 есе кем мұғалімдер, ал мұғалімдерге қарағанда 2 есе кем ата-аналар отырды. Автобусқа неше ата-ана отырды?



4. Сұлбалар бойынша есептер құрастырып, оларды шығар. Шешуін өрнек түрінде жаз.

$$\left. \begin{array}{l} \square - \square, \text{ бұл } \square \text{ есе кем} \\ \square - ? \end{array} \right\} ?$$

$$\left. \begin{array}{l} \square - \square, \text{ бұл } \square \text{ есе кем} \\ \square - ? \end{array} \right\} ? \square$$

5. Теңдеулерді шеш.

$x + 7 \cdot 4 = 40$

$6 \cdot 3 + x = 72$

$80 - x = 9 \cdot 5$

$12 + x = 5 \cdot 8$

$x - 32 : 4 = 50$

$x + 2 \cdot 6 = 94$

6. Амалдардың орындалу ретін анықта. Есепте.

$28 : 4 + 27 : 3$

$(8 + 19) : 3 - 32 : 4$

$21 : 7 + (42 - 14) : 4$

$(17 + 13) : 6$

Алматыға саяхат



Мен екі амалдан тұратын есептерге талдау жасап, оларды шығаруды үйренемін.

Алматы хайуанаттар бағы – Қазақстандағы алғашқы зообақтардың бірі. Оның құрылғанына 80 жыл болды.



1. Есептеп, хайуанаттар бағында жануарлардың әр түрінен нешеуі барын анықта.



Балықтар



$$100 - 3 \cdot 5 - 2$$

Құстар



$$55 + 27 : 3 + 9 \cdot 4$$

Жануарлар



$$20 : 5 \cdot 9 + 38$$



2. Есепті шығар.

Аналық керіктің массасы 6 ц, аталық керіктің массасы аналығына қарағанда 2 есе ауыр. Ал төлінің массасы аталығынан 6 есе жеңіл. Керік төлінің массасы неше центнер?

–
 – ?, есе ауыр
 – ?, есе жеңіл




3. Есептерге сәйкес сұлба таңда.


а) Бірінші торда 14 түлкі бар, бұл екіншісіне қарағанда 2 есе артық. Екі торда барлығы неше түлкі бар?

ә) Бірінші торда 4 жанат, ал екіншісінде одан 8 жанат артық. Екінші торда бірінші торға қарағанда неше есе артық жанат бар?

1)



2)




4. Есептерді шығар.

а) Ең ірі қолтырауынның ұзындығы 7 метр, бұл теңіз піліне қарағанда 1 метрге ұзын. Ал көк киттің ұзындығы теңіз піліне қарағанда 5 есе ұзын. Көк киттің ұзындығы неше метр?

ә) Түлкінің құйрығының ұзындығы 38 см, бұл жолбарыстың құйрығының ұзындығына қарағанда 42 см-ге қысқа. Ал арыстанның құйрығының ұзындығы жолбарыстың құйрығының ұзындығына қарағанда 15 см-ге кем. Арыстанның құйрығының ұзындығы қандай?



5. Хайуанаттар бағының сызбасына қара. Бақтың ұзындығын сантиметрмен өлше.



Қазақстанның көрікті орындары



Мен екі амалдан тұратын есептерге талдау жасауды, оларды шығаруды үйренемін.



1. Өрнектердің мәнін тауып, каникул кезінде еліміздің көрікті орындарына қанша оқушының барғанын біле аласың.

$$36 + 25 : 5 + 14 : 2$$

$$70 - 36 : 4 + 7 \cdot 3$$



Қожа Ахмет Иасауи кесенесі.
Түркістан қаласы



Айша-бибі мазары.
Тараз қаласы

$$9 \cdot 4 + (15 + 25) : 5$$

$$700 - (600 - 200)$$



«Байқоңыр» ғарыш айлағы.
Қызылорда облысы



Шарын шатқалы.
Алматы облысы



2. Есептерді шығар.

а) Көктемгі каникулдың ұзақтығы 11 күн, бұл күзгі каникулға қарағанда 5 күнге артық. Көктемгі және күзгі каникулды бірге алғанда ұзақтығы қанша күн?

ә) Қазақстан қалалары бойынша саяхат жасауға әрқайсысында 8 оқушыдан 4 топ және әрқайсысында 9 оқушыдан 3 топ аттанды. Қалаларды аралауға барлығы неше бала шықты?



3. Қысқаша жазылуы бойынша есептер құрастыр.

а) Болғаны – 48 адам
Кеткені – 7 адамнан 5 топ
Қалғаны – ? адам

ә) 1-ауысымда – 9 адамнан 3 топ ? артық
2-ауысымда – 10 адамнан 4 топ





4. Кесте бойынша теңдеулер құрастырып, оларды шығар.

Азайғыш	$45 + 30$	y	$90 + x$
Азайтқыш	x	$9 \cdot 5$	$4 \cdot 10$
Айырманың мәні	12	35	60



5. Әр суретте неше шаршы бар?



Мақсатыңа жеттің бе?

Мен:

- есептерді талдауды және шығаруды, кері есептер құрастыруды және шығаруды;
- тура және жанама сұрақтармен берілген есептерді ажыратуды үйрендім.

БІЛУ

Есепті шығар.

Жарысқа әр топта 6 адамнан 3 ұлдар тобы және 9 қыз келді. Жарысқа барлығы неше бала келді?

$$\left. \begin{array}{l} \square - \square - \text{дан} \square \\ \square - \square \end{array} \right\} ?$$

ТҮСІНУ

Кері есепке сәйкес сұлба таңдап, оны шығар.

$$\left. \begin{array}{l} \square - \square - \text{дан} \square \\ \square - \square \end{array} \right\} ? \text{ есе артық}$$

$$\left. \begin{array}{l} \square - \square - \text{дан} \square \\ \square - ? \end{array} \right\} \square$$

ҚОЛДАНУ

Есептердің шешуін тап.

Санжардың 9 қарындашы бар, ал Ләззаттың қарындашы оған қарағанда 3 есе артық. Оларда барлығы неше қарындаш бар?

Санжардың 9 қарындашы бар, бұл Ләззаттың қарындашына қарағанда 3 есе артық. Оларда барлығы неше қарындаш бар?

Санжардың 9 қарындашы бар, бұл Ләззаттың қарындашына қарағанда 3 есе кем. Санжардың қарындашына қарағанда Ләззаттың қарындашының нешеуі артық?

$$9 \cdot 3 - 9$$

$$9 \cdot 3 + 9$$

$$9 : 3 - 9$$

$$9 : 3 + 9$$

①

②

③

④

ТАЛДАУ

Есепті оқы.

Үстелде 30 қызыл текше және одан 5 есе кем жасыл текше жатыр. Оларды әр қорапқа 6 текшеден бөліп салу керек.

Есептеуді орындай отырып, сен нені біле аласың?

$$30 : 5$$

$$30 : 5 : 6$$

$$36 : 6$$


$$30 + 30 : 5$$

ЖИНАҚТАУ

Сұлба және санды мәліметтер бойынша есеп құрастыр.

8 алма

3 есе артық



БАҒАЛАУ

Есептің шешуінің дұрыстығын тексер.
Дұрыс шешуі мен жауабын жаз.

Себетте 15 алма және алмадан 5 есе кем алмұрт бар. Алмұрт алмаға қарағанда неше есе кем?

Шешуі:

$$1) 15 : 5 = 3 \text{ (алмұрт)}$$

$$2) 15 + 3 = 18 \text{ (алмұрт)}$$


120 Үшбұрыш, тіктөртбұрыш, шаршының периметрі

Далалы жерге саяхат



Мен фигуралардың периметрін есептеуді үйренемін.

1. Суретке қара. Бала не істеп жатыр деп ойлайсың?




Сынық сызықтың ұзындығы дегеніміз – оның барлық кесінділерінің ұзындығының қосындысы. Тұйықталған сынық сызық өзімен-өзі қиылыспай көпбұрыш құрайды.

Мысалы: учаскенің периметрі $8 + 6 + 3 + 15 = 32$ (метрге) тең.



Көпбұрыштың периметрі (P) – бұл тұйықталған сынық сызық ұзындықтарының немесе оның барлық қабырғалары ұзындықтарының қосындысы. $P = a + b + c + d + e + f$



2. Тіктөртбұрыштың, шаршының периметрін тап. Бұл фигуралардың периметрін қалай әртүрлі есептеуге болатынын түсіндір.






$P = a + b + a + b$ $P = a + a + a + a$ $P = a + b + c$
 $P = (a + b) \cdot 2$ $P = a \cdot 4$
 $P = a \cdot 2 + b \cdot 2$



3. Көпбұрыштардың периметрін тап. Олардың арасында қанша тіктөртбұрыш және шаршы бар?



4. Есептерді шығар.

а) Үшбұрыштың бір қабырғасының ұзындығы 26 см, екінші қабырғасының ұзындығы біріншісінен 15 см ұзын, ал үшінші қабырғасының ұзындығы екіншісінен 28 см қысқа. Үшбұрыштың периметрі нешеге тең?

ә) Тіктөртбұрыштың бір қабырғасының ұзындығы 9 см, ал басқа қабырғасының ұзындығы одан 3 есе кем. Тіктөртбұрыш қабырғаларының ұзындықтарының қосындысын тап.

б) Тіктөртбұрыш пішінді бөлменің ұзындығы 6 метр, ал ені одан 2 метрге қысқа. Бөлменің периметрін тап.



5. Есепте.

$38 + 29$

$91 - 54$

$24 + 66$

$94 - 38$

$39 + 48$

$85 - 37$

$45 + 29$

$91 - 48$

$33 + 57$

$84 - 26$

$49 + 29$

$95 - 69$

Ауылға саяхат




Мен фигуралар сызуды және периметрін есептеуді үйренемін.




1. Біздің кейіпкерлеріміз ауылға барды.



Үй жануарларына арналған қоршаудың периметрін есепте. Оны әртүрлі тәсілмен есептеп таба аласың ба?



2. а) Фигуралардың қабырғаларын өлше. Дәптеріңе осындай фигураларды сал. Оларды латын әліпбиінің әріптерімен белгіле.



ә) Осы фигуралардың периметрін есепте.



3. Тіктөртбұрыштардың периметрін есепте. Периметрі қалай өзгереді? Неге?

	Ұзындығы	Ені	Периметрі	
а)	5 см	3 см	?	$P_{\square} = a + b + a + b$
ә)	5 см	2 см кем	?	$P_{\square} = a \cdot 2 + b \cdot 2$
б)	5 см	1 см кем	?	$P_{\square} = (a + b) \cdot 2$

4. Теңдеулерді шеш.


$$3 \cdot x + 50 = 77$$

$$100 - 24 : c = 92$$

$$3 \cdot x = 92 - 68$$



5. Фигураларды өлше. Периметрі бірдей фигураларды тап. Периметрінің мәні осындай тағы да фигуралар салуға бола ма?



6. Қандай сандар жазылмаған?

$$\square 4 > 93$$

$$\square > 98$$

$$1 \square > 100 - 1$$

$$\square + 1 = \square$$


Теңізге саяхат



Мен торкөз қағазға фигуралар салуды үйренемін.





1. Периметрін тап.



2. Фигуралардың қабырғаларын өлше. Осындай фигуралар сыз. Оларды латын әріптерімен белгіле.



Берілген фигуралардың периметрін есепте.



3. Тапсырмаларды орында.

а) Қабырғалары 6 см және 4 см болатын тіктөртбұрыш сыз. Тіктөртбұрыштың периметрін есепте.

ә) Тіктөртбұрыштың әрбір қабырғасын 2 см-ге кеміт. Осы тіктөртбұрышты сыз. Периметрін есепте. Ол қалай өзгерді? Түсіндір.



4. Мәліметтерді пайдаланып, «Неше есе артық...?» сұрағымен екі амалмен шығатын есептер құрастыр.

а) Теңізге шомылуға таңертең 8 бала, ал түсте таңертеңге қарағанда 16 бала артық келді.

ә) Лагерьге бірінші күні 7 бала, ал екінші күні 20 және 8 бала келді.



5. Баған түрінде есептеп, дұрыстығын тексер.

$$45 + 19$$

$$90 - 44$$

$$27 + 17$$

$$71 - 37$$

$$34 + 44$$

$$50 - 17$$

$$95 - 29$$

$$41 - 28$$

$$100 - 57$$


$$84 + 16$$

$$19 + 78$$

$$60 - 29$$



6. Суретте неше үшбұрыш және неше төртбұрыш бар? Сен қағаздан қарындашты алмай, осындай фигура сыза аласың ба?



7. Өзеннің жағасында Дәурен, Илияс, Нұрлан және Ринат төртеуі отыр. Илиястың бойы ең ұзыны емес, бірақ оның бойы Дәурен мен Ринаттан биік. Ал Дәуреннің бойы Ринаттан қысқа. Ең бойы ұзын кім екенін анықта.

Теңізге саяхат





Мен торкөз қағазға фигуралар салуды үйренемін.




1. Теңіз мекендеушілеріне қара. Торкөз бойынша суреттерді қалай салуға болатынын айт.



Сурет салуды нүктеден (•) баста және әрбір қадамыңды жаз: 2↑, 2→, 4↓, 1→ ...



Бастапқы нүктені анықта. Бағыт сызығы және торкөз санының көмегімен нұсқаулық құрастыр.





2. а) Шаршылардың периметрін тап.



	Қабырғасы	Периметрі
а)	6 см	? см
ә)	5 см	? см
б)	3 см	? см


ә) Шаршылардың қабырғасын тап.

	Қабырғасы	Периметрі
а)	? см	16 см
ә)	? см	40 см
б)	? см	24 см





3. Қайықтың желкені $ABCD$ төртбұрыш пішініне ие.

AB қабырғасының ұзындығы 6 м, BC қабырғасының ұзындығы AB қабырғасынан 3 м ұзын. Ал CD қабырғасының ұзындығы BC қабырғасынан 4 м қысқа, бірақ AD қабырғасынан 1 м ұзын. Қайық желкенінің периметрін тап.



4. Қабырғаларының ұзындығы берілгеннен 3 см артық фигуралар сыз. Олардың периметрін тап.



5. Ағаштың ұзындығы 20 м. Онымен жұлдызқұрт өрмелеп барады. Ол күндіз 5 м жоғары өрмелеп, ал түнде 4 м төмен түседі. Жұлдызқұрт ағаштың басына қанша уақытта жетеді?



Орманға саяхат







Мен нұсқау бойынша іс-әрекеттерді орындауды және фигуралар сызуды үйренемін.



1. Қарауылдың үйіне қалай баруға болатынын түсіндір. Биік қарағайға дейін қалай баруға болады?




2. Фигуралардың қабырғаларын өлшеп, периметрін тап.






3. Орман мекендеушілерін ата. Досыңа сурет қалай орындалатындығын айтып бер. Тігінен оқы.




2 → 1 → Жалғастырып
 1 ↑ 1 ↓ жаз.
 2 → 1 →
 1 ↑ 2 ↓
 1 → 1 ←
 1 ↓ 1 ↑
 8 → 1 ←
 1 ↓ 1 ↑



1 → 9 → Жалғастырып
 1 ↑ 1 ↓ жаз.
 1 → 1 →
 2 ↑ 1 ↓
 2 → 1 →
 1 ↑ 5 ↓
 1 → 1 ←
 1 ↓ 5 ↓



4. Әр суретте неше тіктөртбұрыш бар?



5. «Ат жүрістері».

Ат «Г» әрпі бойымен кез келген бағытта жүреді. Суретте ол е5 шаршысында тұр. Келесі жүрістен кейін ол қай шаршыларда болуы мүмкін?




Жергілікті жердің планы



Мен заттар мен фигуралардың орналасуын анықтап үйренемін.




1. Ненің қайда орналасқанын айт.



Мысалы: Аю АЗ шаршыда орналасқан.



2. Бағбан әр гүлзарды жеке қоршамақ болды. Оған ұзындығы қандай қоршау дайындау қажет?



3. Өрнектер құрастырып, олардың мәнін тап.



4. Өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықта. Оларды оқы. Өрнектердің мәнін тап.

$$16 + 12 : 2$$

$$20 - 7 \cdot 2$$

$$(30 - 25) \cdot 2$$

$$4 \cdot (16 - 12)$$

$$(14 + 6) : 2$$

$$20 + 5 \cdot 2$$



5. Тиімді тәсілмен есепте.

$$45 + 38 + 5 + 2$$

$$6 + 27 + 14 + 3$$

$$12 + 19 + 8 + 1$$

$$17 + 6 + 34 + 3$$

$$25 + 8 + 5 + 42$$

$$13 + 55 + 5 + 7$$

$$16 + 17 + 4 + 3$$

$$9 + 4 + 31 + 56$$

$$18 + 9 + 2 + 21$$

Жергілікті жердің планы



Мен заттар мен фигуралардың орналасуын анықтап үйренемін.



1. Досыңмен ойна. Бір фигураны жасырып, оның орнын айт. Досың сен жасырған фигураны тапсын.




	1	2	3	4	5
А					
Ә					
Б					
В					
Г					

2. Жорыққа саяхатшылар азық-түлік және сусындар алды. Қысқаша жазылуы бойынша есептер құрастырып, оларды шығар.


а) Сатып алынды – кг-нан
 банка

Жұмсалды – кг

Қалды – ? кг



ә) Шырын – л-ден банка } ? л
 Су – л





3. Әр бағандағы барлық өрнектердің мәні бірдей деген тұжырым тура ма?

$$7 + (6 + 30)$$

$$6 + (5 + 40)$$

$$9 + (7 + 50)$$

$$7 + (30 + 6)$$

$$6 + (40 + 5)$$

$$9 + (50 + 7)$$

$$7 + 36$$

$$6 + 45$$

$$9 + 57$$


$$36 + 7$$

$$45 + 6$$







$$57 + 9$$



4. Досыңмен ойна. Фишканы сурет бетінде жылжытып жүргіз. Фишканың тұрған орнын айт.



5. Бос орынға қай текшені қою керек екенін анықта.



Саяхат туралы естеліктер




Мен тіктөртбұрыштың (шаршының) қабырғасы мен периметрін табуға берілген есептерді талдауды және шығаруды үйренемін.




1. Фотосуреттерге арналған жақтауларға қара. Қай фигуралардың периметрі бар?



2. Периметрі белгілі шаршының қабырғаларын қалай табуға болатынын есіңе түсір.



Периметрі және бір қабырғасы белгілі тіктөртбұрыштың белгісіз қабырғасын қалай табуға болатынын есіңе түсір.





3. Кестені толтыр. Есептер өзара қалай байланысқан?



	<i>a</i> қабырғасы	<i>b</i> қабырғасы	Периметрі
а)	6 см	2 см	? см
ә)	<input type="text"/> см	? см	<input type="text"/> см
б)	? см	<input type="text"/> см	<input type="text"/> см

4. Есептерді шығар. Кері есептер құрастырып, оларды шығар.

а) Шаршы қабырғаларының ұзындығы 9 см. Периметрі нешеге тең?

ә) Тіктөртбұрыштың ұзындығы 7 см және ені 3 см. Периметрін тап.

б) Шаршының периметрі 32 см. Қабырғаларының ұзындықтарын тап.

в) Тіктөртбұрыштың ұзындығы 5 см-ге, ал периметрі 14 см-ге тең. Тіктөртбұрыштың ені нешеге тең?

5. Теңдеулерді шеш.

$$38 + x = 72$$

$$x - 31 = 45$$

$$x \cdot 4 = 20$$

$$6 \cdot y = 18$$

$$b : 7 = 5$$

$$36 : c = 9$$



6. Есепте.

$$5 \cdot 4$$

$$18 : 2$$

$$3 \cdot 8$$

$$2 \cdot 8$$

$$6 : 2$$

$$3 \cdot 6$$

$$5 \cdot 2$$

$$3 \cdot 7$$

$$12 : 3$$

$$9 \cdot 4$$

$$15 : 3$$

$$24 : 3$$

$$9 \cdot 3$$

$$21 : 3$$

$$8 \cdot 3$$

$$2 \cdot 9$$

$$8 \cdot 4$$

$$36 : 4$$

$$14 : 2$$

$$12 : 2$$



7. Өрнектерді пайдаланып, теңдік және теңсіздіктер құрастыр.

$$100 + 500$$

$$600 + 300$$

$$900 - 200$$

$$700 - 300$$

$$200 + 400$$

$$300 - 200$$

$$800 - 400$$

$$900 + 100$$


Саяхат туралы естеліктер





Мен тіктөртбұрыштың (шаршының) қабырғасы мен периметрін табуға берілген есептерді талдауды және шығаруды үйренемін.





1. Суретке қара. Теңізге дейінгі жолдың әртүрлі бағытын ойластыр. Оның ұзындығын жаз. Гүлзарларға қара. Олардың периметрін тап.




2. Есептер құрастырып, оларды шығар.



3. Өрнектер құрастырып, олардың мәнін тап.



4. Сұлба бойынша есеп құрастыр.



5. Тиісті орынға жақшаларды қой.

$$40 - 8 + 7 = 25$$

$$50 - 9 - 6 = 47$$

$$86 - 30 - 10 = 66$$

$$42 - 20 + 2 = 20$$

6. Тура теңдіктер мен тура теңсіздіктерді ғана жаз.

$$(25 + 15) : 5 < 66 - 33$$

$$64 - 55 + 33 < 55 - 22 + 11$$

$$100 - 55 + 23 = 100 - 45 + 33$$

$$25 + 62 > 25 + 77$$

$$45 - 34 > 45 - 45$$

$$45 + 15 = 25 + 35$$

Саяхат кезіндегі басқатырғылар



Мен санды басқатырғыларды шешуді үйренемін.

1. а) «Сиқырлы» шаршылар.



5	1	6
3	4	7

Сандарды көлденеңінен қос.

5	1	6
3	4	7
8	5	13

Сандарды тігінен қос.



Шыққан қосынды сәйкес келуі тиіс.

ә) 0-дан 8-ге дейінгі сандардан «сиқырлы» шаршылар құрастыр.

7	0	
2	4	

Сандарды көлденеңінен қос.

7	0	7
2	4	6

Сандарды тігінен қос.

Шыққан қосынды сәйкес келуі тиіс.



7	0	
2	4	

Қандай сандарды қою керек?














2. Бос орындарға сан қой.

9	+	6	=	
-		+		-
5	-	3	=	
=		=		=
	+		=	


44	+	24	=	
-		+		-
14	-	5	=	
=		=		=
	+		=	

50	+	15	=	
-		+		-
22	-	3	=	
=		=		=
	+		=	

3. Әр мәшине белгілі бір санды көрсетеді. Оның қай сан екенін анықта.

	+		+		= 30
	+		+		= 18
	-		= 2		
	+		+		= ?

4. Қай текшенің жазбасы көрсетілген?



5. Өрнектер жазып, есептерді шығар.

а) Балалар жолда 9 басқатырғыны шешіп, 12 теңдеу және 6 есеп шығарды. Балалар барлығы неше тапсырма орындады?

ә) Математикалық турнирге әрқайсысында 4 баладан 6 команда қатысты. Турнирге барлығы неше бала қатысты?

б) Оқушы есептерді шығаруға 10 минут, ал 4 теңдеудің әрқайсысын шешуге 2 минуттан жұмсады. Оқушы тапсырмаларды орындауға барлығы қанша уақыт жұмсады?

Өзенге саяхат



Мен санды басқатырғылар шешуді және логикалық есептер шығаруды үйренемін.



1. Өзеннен темір ыдыспен 4 л су алу керек. Егер сенде 5 литрлік шелек пен 3 литрлік банка бар болса, онда өзеннен суды қалай аласың?



Суды бірнеше рет алуға және құюға болады. Судың мөлшеріне қарай оны фишкалармен алмастырып, практикалық жұмысты орында. Дәптердегі кестені толтыр.



Есепті шығарып, дәптердегі кестені толтыр.

Ыдыстар	1-қадам	2-қадам	3-қадам	4-қадам	5-қадам	6-қадам
5 литрлік шелек						
3 литрлік банка						
Темір ыдыс						



2. Сыйымдылығы 8 л және 5 л болатын екі шелек бар. Осы ыдыстардың көмегімен өзеннен 7 л суды қалай құйып алуға болады?



Ыдыстар	1-қадам	2-қадам	3-қадам	4-қадам	5-қадам	6-қадам
8 л						
5 л						
7 л						



3. Сыйымдылығы 5 л және 7 л екі ыдыстың көмегімен өзеннен 6 л суды қалай құйып алуға болады?

Ыдыстар	1-қадам	2-қадам	3-қадам	4-қадам	5-қадам	6-қадам	7-қадам	8-қадам
5 л								
7 л								
6 л								

4. Есептерді шығар.

а) Автобуста 20 әйел адам және олардан 6-уы кем ер адам келе жатыр. Автобуспен барлығы неше адам келе жатыр?

ә) Автобуста 36 бала келе жатыр, бұл ересек адамдардан 4 есе артық. Автобуспен барлығы неше адам келе жатыр?

б) Балалар билеті 40 теңге тұрады, бұл ересектерге арналған билетке қарағанда 40 теңгеге арзан. Бір ересек адам мен бір баланың билетін бірге алғанда, қанша ақша төлеу керек?



5. а) Бірдей үш монетаның біреуі жалған – ол қалғандарына қарағанда жеңіл. Гіртасты қолданбай табақшалы таразыда бір рет өлшеп, оны қалай табуға болады?



ә) Бірдей үш монетаның біреуі жалған. Бірақ оның қалғандарына қарағанда жеңіл немесе ауыр екені белгісіз. Гіртасты қолданбай табақшалы таразыда екі рет өлшеп, оны қалай табуға болады?



131

Өткенді бекіту

Мен не үйрендім?



Мен алған білімімді қолдануды үйренемін.

1. Есептерге сәйкес келетін өрнектерді тап.

а) Бірінші альбомда 26 фотосурет бар, ал екіншісінде одан 18-і артық. Екі альбомда неше сурет бар?

$$26 + 18$$

$$26 + (26 + 18)$$

$$26 - 18 + 26$$

ә) Саяхат кезінде мәшинемен жүрген жолға 12 сағат кетті, бұл пойызбен жүрген жолға қарағанда 14 сағатқа кем. Жолға барлығы неше сағат уақыт кетті?

$$(12 + 14) + 14$$

$$12 + (14 - 12)$$

$$12 + (12 + 14)$$

б) Бірінші топта 27 саяхатшы бар, ал екінші топта одан 3 есе кем. Екі топта барлығы неше саяхатшы бар?

$$27 : 3$$

$$27 + (27 : 3)$$

$$27 - 27 : 3$$



2. Сурет бойынша «□ есе артық», «□ есе кем» сөздерін пайдаланып есептер құрастыр. Оларды шығар.

36 кг

?

4 есе кем

14 кг

?

2 есе артық



3. Есепте.

$6 \cdot 5$

$5 \cdot 8$

$8 \cdot 4$

$9 \cdot 4$

$25 : 5$

$18 : 6$

$24 : 4$

$12 : 3$

$18 : 3$

$36 : 9$

$45 : 9$

$45 : 5$

$28 : 4$

$7 \cdot 5$

$21 : 7$

4. Қабырғаларының ұзындығы 6 см және 4 см болатын тіктөртбұрыш сыз. Осы тіктөртбұрыштың периметрін тап.



5. а) 4 монетаның арасындағы біреуі жалған. Ол басқасынан жеңіл. Жалған монетаны табу үшін гиртасты табақшаға қоймай, неше рет өлшеу керек?



ә) 8 монетаның біреуі жалған. Ол басқасынан жеңіл. Үш рет өлшеп, қай монетаның жалған екендігін анықта.



6. Әрбір қатардың жазылу заңдылығын анықта. Әр қатарда кем дегенде 12 сан болатындай жалғастырып жаз.

а) 1, 3, 5, 7, _____

ә) 1, 4, 7, 10, _____

б) 40, 38, 36, 34, _____

в) 70, 64, 58, 52, _____

г) 5, 10, 15, 20, _____

д) 100, 95, 90, 85, _____

Жақында жадырап жаз келеді



Мен алған білімімді қолдануды үйренемін.



1. Әрбір есепке сұлба таңдап, оларды шығар.

а) Біздің сыныптан жазғы лагерьге 12 қыз және оларға қарағанда 8-і кем ұл барады. Лагерьге ұлдарға қарағанда қыздар неше есе артық барады?

ә) Мектеп жанындағы лагерьге 36 секіртпе, ал секіртпеге қарағанда 4 есе кем доп сатып алынды. Допқа қарағанда секіртпенің нешеуі артық сатып алынды?

б) Сырым 90 күндік каникулдың 25 күнін ауылдағы әжесінің үйінде өткізді. 14 күн лагерьде демалды, ал қалған уақытында үйде болды. Сырым неше күн үйде болды?

<input style="width: 80px;" type="text"/> - <input style="width: 30px;" type="text"/>	}	? артық
<input style="width: 80px;" type="text"/> - ?, <input style="width: 30px;" type="text"/> есе кем		

<input style="width: 80px;" type="text"/> - <input style="width: 30px;" type="text"/>	}	? есе артық
<input style="width: 80px;" type="text"/> - ?, <input style="width: 30px;" type="text"/> кем		

<input style="width: 80px;" type="text"/> - <input style="width: 30px;" type="text"/>	}	<input style="width: 30px;" type="text"/>
<input style="width: 80px;" type="text"/> - <input style="width: 30px;" type="text"/>		
<input style="width: 80px;" type="text"/> - ?		



2. Теңдік және теңсіздіктер құрастыр.

$$25 : 5 - 14 : 7$$

$$2 \cdot 8 + 12$$



$$27 + 3 : 3$$



$$30 : 6 + 12 : 2$$

$$(18 + 2) : 2$$





$$36 : 6 + 12 : 4$$



$$30 - 3 \cdot 9$$

3. Тіктөртбұрыштардың қабырғаларын өлше. Олардың біреуін дәптеріңе сызып, периметрін есепте.



4. Баған түрінде есептеп, дұрыстығын тексер.

$$56 + 38$$

$$45 - 37$$

$$90 - 68$$

$$84 - 69$$

$$45 + 39$$

$$19 + 69$$

$$100 - 64$$

$$91 - 57$$

Өзінді тексер!


Мақсатыңа жеттің бе?

Мен:

- фигуралардың қабырғаларының ұзындығын өлшеуді;
- периметрді табуды, периметрі және белгілі қабырғалары бойынша белгісізін табуды;
- периметрдің берілген мәні бойынша торкөз қағазға жазық фигуралар салуды;
- есепті шығару кезінде шамалар (ұзындығы, ені, периметрі) арасындағы байланысты қолдануды;
- тіктөртбұрыштың (шаршының) периметрін табуға берілген есептерді талдауды және шығаруды;

БІЛУ

Фигуралардың периметрін тап.



ТҮСІНУ

Есепті шығар. Тіктөртбұрыштың периметрін әртүрлі тәсілмен есепте.

Тіктөртбұрыштың бір қабырғасының ұзындығы 6 см, ал екіншісінің ұзындығы одан 3 есе кем. Тіктөртбұрыштың периметрін тап.

ҚОЛДАНУ

Периметрі 18 см, ені 4 см болатын тіктөртбұрыш сыз.

ТАЛДАУ

Берілгенге кері есеп құрастырып, оны шығар.


Шаршының қабырғасының ұзындығы 8 см. Периметрі нешеге тең?

ЖИНАҚТАУ

<i>a</i> қабырғасы	<i>b</i> қабырғасы	Периметрі
8 см	2 см	? см
<input type="text"/> см	? см	<input type="text"/> см
? см	<input type="text"/> см	<input type="text"/> см

БАҒАЛАУ

Фигура дұрыс салынған ба? Тексер.





Математика менің күнделікті өмірімде



Мен өзімнің алған білімімді қолдануды үйренемін.




1. а) Қарбыздың массасы қанша? Асқабақтың ше?



ә) Қысқаша жазылуы бойынша есеп құрастыр.


Қарбыз – кг

Асқабақ – ?, кг _____



б) Кері есептер құрастырып, оларды шығар.

2. Уақытты сағат бойынша анықта.





3. Есептерді шығар.

а) Мектеп асханасына қапшықпен күріш және қант әкелінді. 1 қапшық күріш 8 кг, 1 қапшық қант 6 кг тартады. Егер қоймада 32 кг күріш, 30 кг қант бар болса, қай қапшық артық және қаншаға артық?

ә) Анам мерекеге арнап маған көйлек тікті. Оны сәндеу үшін таспа сатып әкелуімді сұрады. Ол әр жеңіне 37 см, жағасына 29 см таспа қажет екенін айтты. Неше сантиметр таспа сатып алуым қажет?

б) Көйлекті сәндеу үшін анама таспа қажет болды. Ол 3 м көк таспа және әрқайсысы 5 метрден қызыл, сары, жасыл түсті таспалар сатып алды. Анам барлығы неше метр таспа сатып алды?

в) Отбасына көгөніс өсіру үшін жер телімі бөлінді. Жер телімінің ұзындығы 9 м, ені 7 м. Жер телімі қоршауының жалпы ұзындығы қанша метр болады?



4. Шырын толтырылып құйылған 6 литрлік банка, тағы 3 және 4 литрлік бос банкалар бар. 1 литр шырынды 3 литрлік банкаға қалай құюға болады?



Банка	6 литрлік	4 литрлік	3 литрлік
Құйылғанға дейін	6	0	0
1-рет құйғаннан кейін			
2-рет құйғаннан кейін			
3-рет құйғаннан кейін			
4-рет құйғаннан кейін			



5. «Сиқырлы» шаршыны толтыр.




8		10	10	5	12
9	7			9	
4			6		

Көбейту кестесін есте сақтауға арналған ойын



Сан жазылған дөңгелектердің бірін таңда. Осы санды өткеншектің дөңгелегіне қойып, бірдей қосылғыштардың қосындысын тап.



5

4

3

2

МАЗМҰНЫ

ҚҰРМЕТТІ ДОС!.....	3
--------------------	---

ҚОРШАҒАН ОРТА

4А БӨЛІМ. ЕСЕПТЕУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Тиімді есептеу	6
Өрнектердегі амалдардың орындалу реті	8
Өткенді бекіту	10
Өткенді бекіту	12
Өткенді бекіту	14
Өткенді бекіту	16
Өткенді бекіту	18
Өзіңді тексер!	20

САЯХАТ

4В БӨЛІМ. ЕСЕП ШЫҒАРУ ТӘСІЛДЕРІ

Есептер шығару	24
Құрама есептер	26
Құрама есептер	28
Құрама есептер	30
Құрама есептер	32
Өткенді бекіту	34
Өзіңді тексер!	36

4С БӨЛІМ. ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ФИГУРАЛАР. ПЕРИМЕТР. АУДАН	
Үшбұрыш, тіктөртбұрыш, шаршының периметрі	38
Фигуралар салу	40
Фигуралар салу	42
Фигуралар салу	44
Қозғалыс бағыты	46
Заттардың орналасуы	48
Заттардың орналасуы	50
Геометриялық мазмұндағы есептерді шығару	52
Геометриялық мазмұндағы есептерді шығару	54
Логикалық есептер шығару	56
Логикалық есептер шығару	58
Өткенді бекіту	60
Өткенді бекіту	62
Өзіңді тексер!	64
Мен не білемін?	66
Көбейту кестесін есте сақтауға арналған ойын	68

Оқулық басылым Учебное издание

**Ақпаева Асель Бакировна
Лебедева Лариса Анатольевна
Мынжасарова Маржангул Жангазиновна**

МАТЕМАТИКА

4-бөлім Часть 4

Жалпы білім беретін мектептің 2-сынып оқушыларына арналған оқулық Учебник для учащихся 2 класса общеобразовательной школы

Әдіскер *Ф.С. Лекерова* Методист *Ф.С. Лекерова*
Редакторы *Л.С. Ахметова* Редактор *Л.С. Ахметова*
Суретін салғандар: *Ә. Әлімбаева, Б. Сопыбеков* Художники: *А. Алимбаева, Б. Сопыбеков*
Көркемдеуші редакторы *Т.В. Толыбекова* Художественный редактор *Т.В. Толыбекова*
Мұқабасын безендірген *Ә. Әлімбаева* Дизайн обложки *А. Алимбаевой*
Компьютерде көркемдеген *Г. Тұмарбайқызы* Компьютерная верстка *Г. Тұмарбайқызы*

Басуға 18.06.2019 ж. қол қойылды. Подписано в печать 18.06.2019 г.
Пішімі 84x108 ¹/₁₆. Есептік баспа табағы 2,64. Формат 84x108 ¹/₁₆. Уч.-изд.л. 2,64.
Шартты баспа табағы 7,56. Офсеттік басылым. Усл.печ.л. 7,56. Печать офсетная.
Әріп түрі «DS SchoolBook». Офсеттік қағаз. Гарнитура «DS SchoolBook». Бумага офсетная.
Қосымша таралымы 16 000 дана. Тапсырыс № 1487. Доп. тираж 16 000 экз. Заказ № 1487

Сапасы жөнінде мына мекемеге хабарласыңыз: С претензиями по качеству обращаться:
Қазақстан Республикасы, Республика Казахстан,
«Алматыкітап баспасы» ЖШС, ТОО «Алматыкітап баспасы»
050012, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 111-үй, 050012, г. Алматы, ул. Жамбыла, 111,
тел. (727) 250 29 58, факс: (727) 292 81 10. тел. (727) 250 29 58; факс: (727) 292 81 10.
e-mail: alkitap@intelsoft.kz e-mail: alkitap@intelsoft.kz

Сапа және қауіпсіздік стандарттарына сай. Соответствует всем стандартам качества и безопасности.
Сертификация қарастырылмаған. Сертификация не предусмотрена.
Сақтау мерзімі шектелмеген. Срок годности не ограничен.

Түркияда басылды / Отпечатано в Турции
PROMAT BASIM YAYIN SANAYI VE TICARET A.S
ORHANGAZI MAHALLESİ 1673.SOKAK NO: 34-34510 ESENYURT ISTANBUL / TURKEY

Кітаптарды «Алматыкітап баспасы» ЖШС-ның кітап дүкендерінен сатып алуға болады.

Нұр-Сұлтан қаласы: Иманов көшесі, 10, тел.: (7172) 53 70 84, 27 29 54;

Б. Момышұлы даңғылы, 14, тел.: (7172) 42 42 32, 57 63 92; Жеңіс даңғылы, 67, тел.: (7172) 29 93 81; 29 02 12.

Алматы қаласы: Абай даңғылы, 35/37, тел.: (727) 267 13 95, 267 14 86;

Гоголь көшесі, 108, тел.: (727) 279 29 13, 279 27 86; Қабанбай батыр көшесі, 109, тел.: (727) 267 54 64, 272 05 66;

Жандосов көшесі, 57, тел.: (727) 303 72 33, 374 98 59; Гагарин даңғылы, 76, тел. (727) 338 50 52;

Майлин көшесі, 224 «А», тел. (727) 386 15 19; Төле би көшесі, 40/1, тел.: (727) 273 51 38, 224 39 37.

Интернет-дүкен: www.flip.kz

Сауда бөлімі, тел.: (727) 292 92 23, 292 57 20.

e-mail: sale1@almatykitap.kz

Кітаптар мен басылымдар туралы мағлұматтарды
www.almatykitap.kz сайты арқылы білуге болады.